

Төлеби ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 120 "Төлеби ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 164 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 маусымда № 5643 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына сәйкес Төлеби ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төлеби ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 120 "Төлеби ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4474 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Төлеби ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Мылтықбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төлеби ауданының әкім

Б. Омарбеков